

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 829 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын .
2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау және қайта даярлау болып белгіленсін.

3 . < * >

Ескеरту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.04. N 300 қаулысымен

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Кәсіпорынның жарғысын бекітуді және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, "С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) тарату және кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған оның мүлкін Кәсіпорынға беру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;
- 3) таратылатын Қоғамның білім алушыларының оқу жылын аяқтауы және оларды Кәсіпорынға ауыстыру үшін шаралар қабылдасын;
- 4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.
5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін.
6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министриң
міндеттін атқарушы

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

3

тамыздары

N 829

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде реттік нөмірі 21-13-жол алынып тасталсын.

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлімде реттік нөмірі 222-13-жол алынып тасталсын.

4 .) № < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.

5. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі N 1021 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 28, 339-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 33-жолмен толықтырылсын:

"33

"С. Сейфуллин атындағы
Қазақ мемлекеттік агротехникалық

у n i v e r s i t e t i " р e s p u b l i k a l y қ
m e m l e k e t t i k к e с i p o r n y
(шаруашылық жүргізу құқығындағы) Астана қаласы".

6. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 маусымдағы N 821 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2001 ж., N 22, 280-құжат) :

2-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК